


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ

М.ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІ

«БЕКІТІЛГЕН»

М. Әуезов атындағы ОҚЗУ
ҒЖ ж.И жөніндегі проректор
Сулейменов У. С.



«В030- Бейнелеу өнері» Білім беру бағдарламалары тобы бойынша
Республикалық пәндік олимпиаданың
ЕРЕЖЕСІ

Шымкент 2025 ж.

**Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары Білім министрлігі
М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университетінің
«В030- Бейнелеу өнері» Білім беру бағдарламалар тобы бойынша
ұйымдастырылатын XVII Республикалық пәндік олимпиадасының**

ЕРЕЖЕСІ

Олимпиада Республикалық студенттік олимпиада көлемінде мәдениет және білім беру саласында болашақ мамандардың ерекше кәсіби-ұйымдастырушылық бейімділіктерін анықтау мақсатында өткізіліп, талантты студент жастарды қолдау факторының бірі ретінде, бұдан бөлек В030- Бейнелеу өнері бағдарламалар тобы бойынша Республикалық пәндік олимпиадаларға қатысу үшін командаларды қалыптастыру мақсатында ұйымдастырылады.

1. Жалпы Ереже

В030- Бейнелеу өнері бағдарламалар тобы бойынша республика көлемінде жоғары оқу орындары арасындағы дәстүрлі пәндік олимпиадасы 2025 жылдың сәуір айының 10-11 күндері аралығында өтеді.

Республикалық пәндік олимпиада студенттердің кәсіби шеберлігін шыңдауда, талантты жастарды анықтауда және олардың шығармашылық әлеуетін арттыруда, жоғары оқу орындарының В030- Бейнелеу өнері тобында білім алушылардың білімі мен шеберлігін шығармашылық үрдісте дамытып, болашақ мамандардың құзырлығын байқау болып табылады.

2. Олимпиада міндеттері

- Студенттердің оқу-танымдық және оқу зерттеушілік қызметін көтермелеу;
- Студенттердің кәсіби-тұлғалық күш-қуатын, олардың өзіндік таным-білімін, шығармашылық бейімділіктерін ашу, өзін өзі іске асыру және сенімділігін молайтуға жағдай

жасау;

- Студенттерді азаматтық көзқарасқа тәрбиелеу;
- Білім беру жүйесін жетілдіруге белсенді кәсіби қатынасын қалыптастыру;
- Қатысушылардың кәсіби қарым-қатынасын қалыптастыру;
- В030- Бейнелеу өнері бағдарламалар тобының студенттерінің қызығушылығын арттыру, қатысушылардың шығармашылық және белсенді көзқарасын дамытуға жағдай жасау;
- Студенттердің шығармашылық талантын анықтау.

3. В030- Бейнелеу өнері бағдарламалар тобы бойынша республикалық пәндік олимпиаданы өткізу тәртібі:

Ұйымдастырушылар құқылы:

1) Олимпиадаға қатысу үшін өтінімдерді қабылдау, шарттар мен талаптарға сәйкес келмейтін талаптарды қабылдамау;

2) Барлық қатысушылардан 1-қосымшада көрсетілген олимпиаданы өткізу жоспарын орындауды талап етуге.

Ұйымдастырушылар міндетті:

• Жұмыстарды бағалау және даулы мәселелерді шешу кезінде бірыңғай талаптарды қамтамасыз ету;

• Олимпиаданы өткізу қорытындысы бойынша хаттаманы кафедрада сақтау үшін дайындау

• Олимпиадаға қатысушылардың өзін-өзі дамытуына, өз ойын білдіруіне жағдай жасау, шығармашылық қабілеттерін дамытуды ынталандыру;

• Олимпиаданы өткізуді ақпараттық қолдауды ұйымдастыру;

• Олимпиада қатысушыларына дипломдар мен сертификаттарды ресімдеу және тапсыру;

• Қатысушылардың жеке мүмкіндіктерін есепке алатын барлық қажетті құжаттарды

ресімдеу.

В030 - Бейнелеу өнері бағдарламалар тобы бойынша республикалық студенттік олимпиаданы ұйымдастырушылар ҚР білім беру бағдарламасын басшылыққа алып, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университеті, Мәдениет және өнер факультеті, «Бейнелеу өнері және дизайн» кафедрасы өткізеді. Республикалық пәндік олимпиадаға барлық 2 курс студенттері қатыса алады. Әр ЖОО-нан пәндік олимпиадаға қатысу үшін әр топта 3 қатысушыдан аспауы тиіс (жетекшіні қоспағанда).

В030 -Бейнелеу өнері бағдарламалар тобы бойынша пәндік олимпиада студенттердің терең теориялық білімін ашуға, шығармашылық жоғары оқу орындары студенттерінің шеберлігін жетілдіру, теориялық және практикалық оқыту процесінде алған білімді, іскерлікті және дағдыларды көрсету, шығармашылық өсуді ынталандыру, шығармашылық мамандықтардың беделін арттыру, неғұрлым дарынды және талантты студенттерді анықтау мақсатында өткізіледі.

4. Олимпиаданы өткізу шарттары мен мерзімі

- Республикалық олимпиадаға қатысуға олимпиаданың ЖОО ішіндегі кезеңінің жеңімпаздары, 6В02150 «Графика», 6В02187 «Кітап графикасы» мамандықтары бойынша 2 курс студенттері қатыса алады.

- Өтінім олимпиада басталғанға дейін 6 күннен кешіктірілмей беріледі, өтінім үлгісі

2-қосымшаны қараңыз.

- Мамандықтар бойынша Республикалық пәндік олимпиада 10-11 сәуірде сағат 10:00-17:00-ге дейін өткізіледі **1 қосымшаға қараңыз.**

- Олимпиада жанрлық композицияны құру конкурсын қамтиды.

- Ұсынылған жұмыстардың мазмұны мен күрделілігі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына (бакалавриат) сәйкес келуі тиіс.

- ЖОО-дан мамандық бойынша қатысушылар 3 (үш) студенттен тұратын топ жіберілуі тиіс (жетекшіні қоспағанда).

Олимпиадаға қатысушылар:

- таңдалған тақырыптың идеясын барынша ашу;

- шығармашылық және ерекше композициялық шешімін табу қажет.

Орындау материалдары:

6В02150 «Графика», 6В02187 «Кітап графикасы» - гуашь, акварель, акрил, қарындаштар, резеңке жолақ, № 3,5,8,10,14 қылқаламдар және т.б.

Шынайы дүниенің заттары мен құбылыстарының стильдендірілген немесе абстракты формалары мен элементтеріне негізделген графикалық сәндік композиция құру. Қолданылатын материалдар: маркерлер, қарындаштар, қылқаламдар, парақ өлшемі -А 3.

Стилизация элементтерін, абстракцияны, қиялды, шынайы дүниенің заттары мен құбылыстарын бейнелі түсінуді қамтитын мәнерлілігі мен сәнділігі жоғары түсті сәндік композиция орындау.

Қолданылатын материалдар: гуашь, акварель, маркерлер, қарындаштар, қылқалам № 3,5,8,10,14, А3 парақ форматы.

Бағалау критерийлері:

- Әрбір студенттің жұмысын қазылар алқасының мүшелері төмендегі критерийлерге сәйкес бағалайды:

- Бейнені сауатты орындау. Графикалық кескіннің (эскиздік) композициялық және түстік шешімінің сауаттылығы.

- Эскизді салуда және композицияны материалда орындауда шығармашылық креативті көзқарас болуы.

- Қолданылған материалдардың фактурасын эскизде көрсете білу, олардың басты сипатын имитация жасай білу.

- Орындалған жұмыс тапсырмаға сай болуы.

- Қазіргі заманғы өнер мен дизайндағы әлемдік үрдістерге сәйкестік.

• Берілген тақырып бойынша студенттің шығармашылық тұжырымдамасының тереңдігі және оны шағын мәтіндік дизайнға сауатты ұсыну, бейнелік шешімінің пластикалық нұсқасында концепциясын көрсете білуі

• Материалда орындалған композицияға қолданылған материалдардың техникалық қасиеттерінің көркемдік идеямен сәйкестігі және графиканың басты 4 элементтері қамтылуы тиіс.

В030- Бейнелеу өнері бағдарламалар тобы бойынша республикалық пәндік олимпиаданың шығармашылық жұмыстарының қорытындылау тәртібі:

• Мамандықтар бойынша Республикалық пәндік олимпиаданың жеңімпаздарын М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университетінің Басқарма төрағасы-ректордың бұйрығымен бекітілген комиссия мүшелері анықтайды.

• Қазылар алқасы дауыс беру арқылы үздік жұмыстарды таңдайды.

• Олимпиада жеңімпаздарына I орын (1 қатысушы), II орын (2 қатысушы) және III орын (3 қатысушы) беріледі.

• Мамандық бойынша студенттердің республикалық пәндік олимпиадасының қорытындылары хаттамамен ресімделеді. Олимпиаданың хаттамаларын ұйымдастыру комитетінің төрағасы бекітеді және ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігіне жолдайды.

7.Пәндік олимпиаданың ұйымдастыру комитеті

В030- Бейнелеу өнері бағдарламалар тобы бойынша пәндік олимпиаданы өткізу мен даярлау процесінде ұйымдастыру-әдістемелік және көркем шығармашылық мәселелерді шешу үшін ұйымдастыру комитеті құрылады.

Ұйымдастыру комитеті олимпиада өткізу мерзімінен формасын, тапсырмаларды бағалау ережесімен шартын өндейді, өндеген шарттарға сай тапсырмаларды бағалау ережесін тексеруге жауаптыларды тағайындайды, әрі қатысушылар берген апелляцияны қарайды.

Пәндік олимпиаданың өткізілетін уақыты мен жері:

Пәндік олимпиада М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университетінде (Шымкент қаласы) 2025 жылдың сәуірдің 10-11 күндері аралығында өтеді. Пәндік олимпиадаға қатысушылардың өтініштері 2025 жылдың сәуір айының 4-не дейін қабылданады.

Қатысушылардың жол қаражаты, жатын орны, тамақтануы:

Қатысушылардың жол қаражаты, жатын орны, жіберуші ЖОО-ы тарапынан қаржыландырылуы тиіс.

Жауапты: М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университеті, «Бейнелеу өнері және дизайн» кафедрасы

«Мәдениет және өнер» факультетінің деканы:

«Бейнелеу өнері және дизайн» кафедрасының меңгерушісі:

«Бейнелеу өнері және дизайн» кафедрасының СҒЗЖ жауапты:

Тәңірбергенов М. Ж.

Болысбаев Д. С.

Байтас М. М.